

"Мәдениет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 146 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2018 жылғы 12 қаңтардағы № 15 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 16 наурызда № 16617 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 25 маусымдағы № 188 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 25.06.2020 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мәдениет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 146 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11238 болып тіркелген, 2015 жылғы 24 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Министрлікпен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

Өтініш қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорация" коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) www.egov.kz "электрондық үкімет", www.elicense.kz веб-порталдары (бұдан әрі-портал) арқылы жүзеге асырылады.";

4-тармақтың 1) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған кезден бастап , сондай-ақ порталға жүгінген кезде:";

6-тармақтың үшінші бөлігі алып тасталсын;

8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Құжаттарды қабылдау "электрондық" кезек тәртібімен, көрсетілетін қызметті алушының қалауы бойынша, жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады , электрондық кезекті портал арқылы алдын-ала кезек алуға болады;

2) порталда – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (қызмет көрсетуді алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш білдірген жағдайда, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелері келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).";

9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті алушы (не уәкілетті өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

жеке басты куәландыратын құжат және (немесе) көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген кезде заңды тұлғаның сенімхаты немесе нотариалдық куәландырылған сенімхат (жеке тұлға үшін) (жеке басты сәйкестендіру үшін талап етіледі);

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

бюджетке лицензияны алу үшін лицензиялық алымды төлегенін растайтын құжат;

тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2, 3-қосымшаларына сәйкес мәліметтер нысаны ;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 4, 5-қосымшаларына сәйкес мамандандырылған жабдықтар бойынша мәліметтер нысаны;

Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі лицензияны алуға көрсетілетін қызметті алушылар үшін қосымша:

көрсетілетін қызметті алушының тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру құқығы, археология саласында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредитациясы бар ғылыми ұйымның ұсынымхаты.

Лицензияны қайта рәсімдеу үшін:

жеке басты куәландыратын құжат және (немесе) көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген кезде заңды тұлғаның сенімхаты немесе нотариалдық куәландырылған сенімхат (жеке тұлға үшін) (жеке басты сәйкестендіру үшін талап етіледі);

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

бюджетке лицензияны алу үшін лицензиялық алымды төлегенін растайтын құжат;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжат;

Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі лицензияны қайта рәсімдеуге көрсетілетін қызметті алушылар үшін қосымша:

көрсетілетін қызметті алушының тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру құқығы, археология саласында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредитациясы бар ғылыми ұйымның ұсынымхат;

2) порталға:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш беру;

"электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, бюджетке лицензияны алу үшін лицензиялық алымды төлегенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2, 3-қосымшаларына сәйкес мәліметтер нысаны ;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 4, 5-қосымшаларына сәйкес мамандандырылған жабдықтар бойынша мәліметтер нысаны;

Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі лицензияны алуға көрсетілетін қызметті алушылар үшін қосымша:

көрсетілетін қызметті алушының тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру құқығы, археология саласында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредитациясы бар ғылыми ұйымның ұсынымхаттың электрондық көшірмесі.

Лицензияны қайта рәсімдеу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш беру;

"электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда , бюджетке лицензияны алу үшін лицензиялық алымды төлегенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттың электрондық көшірмесі;

Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі лицензияны алуға көрсетілетін қызметті алушылар үшін қосымша:

көрсетілетін қызметті алушының тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру құқығы, археология саласында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредитациясы бар ғылыми ұйымның ұсынымхаттың электрондық көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті беруші жеке басын куәландыратын, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы құжаттар, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының бюджетіне алым сомасын төлегенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзы арқылы алады.

Құжаттарды қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттардың электрондық көшірмелерін алып, содан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға кері қайтарады және тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.

Мемлекеттік корпорацияға дайын құжаттарды жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде қолхат негізінде (немесе сенімді өкілі: құжат бойынша өкілеттілік берілген заңды тұлға; нотариалды рәсімделген куәлігі бойынша жеке тұлға) береді.

Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет нәтижесін бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін, Мемлекеттік корпорацияның сұрауы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күнінің ішінде мемлекеттік қызметті көрсетудің дайын нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

Портал арқылы жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қызмет алушының "жеке кабинетіне" өтініш қабылдау туралы мәлімет хабарлама жіберіледі."

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) ресми жарияланған күннен кейін екі жұмыс күні ішінде осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы тармақта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт
министрінің міндетін атқарушы*

С. Мұсайбеков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар министрі

_____ Д. Абаев

2018 жылғы 18 қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

_____ Т. Сүлейменов

2018 жылғы " " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрінің м.а.

_____ Р. Даленов

2018 жылғы 27 ақпан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК